

КЕЛІСІЛДІ
«Қазақ Промтранспроект» ЖШС,
Жобаның бас инженері
Мусаев М. Т.
«17» 03 2025 г.



БЕКІТЕМІН
«Көлік және құрылыс»
Институтының директоры
Абрешов Ш. А.
«19» 03 2025 г.

ЖОО КОМПОНЕНТІНІҢ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 8D07170 Көлік құрылыстары

Білім деңгейі: Докторантура PhD

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2025 ж.

№	Цикл	Компонент	Пәннің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Постреквизиттер
				академиялық сағат	академиялық кредит					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	БП	ЖК	Академиялық хат	120	4	1	ОН1	Пәнді игерудің мақсаты: академиялық және ғылыми мәтіндерді ресімдеуге қойылатын құрылымдық ерекшеліктер мен талаптарды меңгеру. Ақпаратты рефераттау және қысқаша баяндау, библиографиялық шолу жазу дағдыларын жетілдіру. Жалпы жұртшылықтың ғылыми жетістіктері туралы хабарлау және халықаралық деңгейдегі басылымдарда жариялау үшін ғылыми мақалалар жазу қабілеті.	Магистратураның базалық пәндер циклінің пәндері	Зерттеу практикасы, доктордың ғылыми-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау
2	БП	ЖК	Ғылыми зерттеу әдістері	180	6	1	ОН2 ОН3 ОН4	Эксперименттік-зерттеу жобаларын жоспарлауды, ұйымдастыруды және іске асыруды қоса алғанда, ғылыми зерттеудің теориялық және қолданбалы әдістерін жүйелі түсінуді қалыптастыру. Деректерді талдау мен интерпретациялаудың заманауи әдістері, ақпаратты өңдеу технологиялары, жасанды интеллект негізіндегі цифрлық құралдар мен тәсілдер, ғылыми жарияланымдарды дайындау, зерттеу нәтижелерін ұсыну және қорғау жөніндегі құзыреттер игеріледі. Тұрақты даму принциптеріне, ғылыми қызметтің	Магистратураның базалық пәндер циклінің пәндері	Зерттеу практикасы, доктордың ғылыми-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау

								этикалық аспектілеріне және зерттеулерді жобалау мен іске асырудағы тәуекелдерді басқаруға ерекше назар аударылады.		
3	БеД	ЖК	Көлік құрылыстарын салу мен пайдаланудағы ақпараттық технологиялар	150	5	1	ОН2 ОН3 ОН4	Пәнді игерудің мақсаты: докторанттарда цифрлық модельдеуді, басқаруды автоматтандыруды, инженерлік деректерді өндеуді және инфрақұрылымдық жобаларға зияткерлік жүйелерді енгізуді қоса алғанда, көлік құрылыстарын жобалау, салу, мониторингілеу және пайдалану процестерінде заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың жүйелі білімі мен кәсіби дағдыларын қалыптастыру.	Магистратураның базалық пәндер циклінің пәндері	Зерттеу практикасы, доктордың ғылыми-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау

Сәулет-құрылыс инженериясы кафедрасының меңгерушісі

К. С. Кулманов